

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 276 "2019-2021 жылдарға арналған Еңбек ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 303 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 6043 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 276 "2019-2021 жылдарға арналған Еңбек ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-235 тіркелген, 2019 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "31 472,0" сандары "49 112,0" сандарына ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері – "30 555,0" сандары "48 195,0" сандарына ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "31 472,0" сандары "51 946,1" сандарына ауыстырылсын;

5) тармақшасында;

бюджет тапшылығы (профициті) - "0,0" сандары "- 2 834,1" сандарына ауыстырылсын;

б) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - "0,0" сандары "2 834,1" сандарына ауыстырылсын;

көрсетілген шешім мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. Ең төменгі жалақының мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекеленген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 4 883,0 мың теңге.

6-2. 2019 жылға арналған Еңбек ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 12 757,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мұрзатаев

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 28 наурыздағы

№ 303 шешіміне

қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 4 қаңтардағы

№ 276 шешіміне

1 қосымша

2019 жылға арналған Еңбек ауылдық округ бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы		сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР		49 112,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР		917,0
	01		Табыс салығы		185,0
		2	Жеке табыс салығы		185,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		732,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		66,0
		3	Жер салығы		273,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		393,0
4			Трансферттердің түсімдері		48 195,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		48 195,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		48 195,0
функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	51 946,1

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16 853,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	16 853,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16 853,0
			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 853,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 995,0
04				Білім беру	21 412,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	21 412,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл , кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 412,0
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	21 412,0

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10 681,1
	3			Елді-мекендерді көркейту	10 681,1
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 681,1
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 547,0
			011	Елді мекендерді аббаттандыру м е н көгаландыру	8 134,1
12				Көлік және коммуникация	3 000,0
	1			Автомобиль көлігі	3 000,0
		124		Аудандықмаңыз ы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 000,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 000,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-2 834,1
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 834,1
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 834,1

	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	2 834,1
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 834,1
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 834,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК